

«8D03105 – Халықаралық қатынастар» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазіргі заманғы халықаралық қатынастар жүйесіндегі мемлекет сыртқы саясатындағы көпвекторлы саясат принципі: Қазақстан Республикасы мысалында» тақырыбына жазылған Нышанбаев Нурболат Қайратұлының диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Нышанбаев Нурболат Қайратұлының «Қазіргі заманғы халықаралық қатынастар жүйесіндегі мемлекет сыртқы саясатындағы көпвекторлы саясат принципі: Қазақстан Республикасы мысалында» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстанның сыртқы саяси стратегиясын жан-жақты зерттеуге арналған. Жұмыста халықаралық қатынастар жүйесіндегі өзгерістер жағдайында Қазақстанның заманауи кезеңдегі сыртқы саясатының ерекшеліктері қарастырылып, Қазақстанның халықаралық аренада ұстанып отырған көпвекторлы саясатына кешенді талдау жасалған.

Автор халықаралық қатынастар жүйесіндегі өзгерістерге байланысты әлемде жүріп жатқан геосаяси қайта құру үдерістері жағдайында Қазақстанның сыртқы саяси бағытын теориялық-әдіснамалық тұрғыдан сипаттап, Қазақстанның сыртқы саясатындағы көпвекторлы бағыттың негіздерін, эволюциясын және болашағын зерттеуге ерекше көңіл бөлген. Сонымен қатар, автор зерттеуінде Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатының доктриналық негіздеріне және халықаралық қатынастардағы өзектілігіне тоқталған.

Автор көпвекторлы саясатты тек сыртқы саясат стратегиясы ретінде ғана емес, елдің ішкі тұрақтылығы мен экономикалық дамуын қамтамасыз етудегі маңызды құрал ретінде қарастырған.

Диссертация ғылыми тұрғыда жоғары деңгейде орындалған. Жұмыс құрылымы қисынды және мазмұны жүйелі. Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш мазмұнды тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Тақырып диссертациялық зерттеудің негізгі мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес орындалған және нақты деректермен негізделген. Жұмыстың ғылыми жаңалығы көпвекторлы сыртқы саясаттың Қазақстанның халықаралық аренадағы орны державе ретінде позициясының қалыптасуына ықпал еткендігінен туындайды.

Автор зерттеу барысында Қазақстанның көпвекторлы саясатының халықаралық қатынастардағы балансушы ролін ерекше назарда ұстаған. Қазақстанның ұстанған көпвекторлы бағыты арқылы ірі державалар арасында өзара әрекеттестікке тиімді үлгі жасалғанын дәлелдеген. Бұл стратегия Қазақстанның халықаралық аренадағы саяси және экономикалық мүдделерін ескеріп, қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталғанын көрсетеді. Сонымен қатар, автор еңбегінде Қазақстанның көпвекторлы саясатының қазіргі кезеңдегі өзектілігі мен тиімділігіне ерекше мән беріп, қазіргі заманғы халықаралық қатынастар жүйесіндегі Қазақстанның сыртқы саясатының бейбіт бағытта дамуы мен аймақтық тұрақтылықты қамтамасыз ету сосын және елдің ұлттық қауіпсіздігін нығайтудағы маңызын жан-жақты негіздеген. Автор Қазақстанның аймақтық ұйымдармен ынтымақтастығының нәтижелері мен осы ұйымдар аясындағы сыртқы саясаттағы маңызын айқын көрсеткен. Жұмыстың тағы бір маңызды жетістігі – көпвекторлы саясаттың Қазақстанның экономикалық мүдделері мен басымдықтарын ескере отырып, елдің халықаралық экономикалық байланыстарындағы орнына назар аударылуы. Автор Қазақстанның жаһандық деңгейдегі жаңа нарықтарға шығуына және экономикалық әртараптандыруды жүзеге асыруға мүмкіндік беретінін дәлелдеген. Бұл тұрғыда зерттеудің маңызы бірнеше негіздер бойынша анықталады. Атап айтар болсақ,

Қазақстанның стратегиялық маңызды елдермен экономикалық қарым-қатынасын нығайтудағы көпвекторлы саясаттың нақты нәтижелерін көрсетіп отыр.

Нышанбаев Нұрболат Қайратұлының диссертациясында көпвекторлы саясаттың саяси-дипломатиялық қырларымен қатар, оның мәдени және гуманитарлық салалардағы әсері де талданған. Автор Қазақстанның мәдени дипломатиясының көпвекторлы сыртқы саясат аясында халықаралық беделін нығайтудағы рөлін ерекше атап көрсеткен. Бұл тұрғыда Қазақстанның халықаралық іс-шараларға, соның ішінде «ЭКСПО-2017», Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі (АӨСШК) сияқты бастамаларға қатысуы жан-жақты зерттелген. Мұндай іс-шаралар Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы беделін арттыруға ықпал еткені айқындалған.

Сонымен қатар, жұмыста көпвекторлы саясаттың қауіпсіздік мәселелеріндегі рөлі терең талқыланды. Автор Қазақстанның ядролық қарусыздану және бейбітшілік бастамаларының аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі маңыздылығын ашып көрсеткен. Зерттеуде Қазақстанның Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (ҰҚШҰ), Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) және Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) сияқты халықаралық құрылымдардағы белсенді қызметі талданған. Бұл аспект Қазақстанның сыртқы саясатындағы көпвекторлық қағидаттың қауіпсіздікке қосқан нақты үлесін көрсетеді.

Диссертацияда автор Қазақстанның сыртқы саяси стратегиясындағы көпвекторлы ұстанымның тұрақтылық пен бейбіт дамуға негізделген жаһандық үлгі ретіндегі рөлін де қарастырған. Зерттеуде Қазақстанның сыртқы саясатының икемділігі мен прагматикалық тәсілдері арқылы елдің халықаралық қатынастарда жаңа мүмкіндіктерді пайдаланып, өз мүдделерін тиімді жүзеге асырып отырғаны дәлелденген. Бұл жұмыс Қазақстанның көпвекторлы саясатының алдағы уақыттағы халықаралық жағдайларға икемді бейімделу және елдің стратегиялық мүдделерін қорғау бағытындағы әлеуетін айқындауға мүмкіндік береді.

Диссертацияда көпвекторлы саясаттың аймақтық интеграциялық үдерістердегі рөлі де терең зерттелген. Автор Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО), ТМД және Түркі мемлекеттері ұйымы сияқты аймақтық ұйымдардағы белсенділігін талдай отырып, көпвекторлы ұстанымның елдің экономикалық және саяси ықпалының кеңеюіне қосқан үлесін көрсетті. Бұл ұйымдар аясындағы ынтымақтастық Қазақстанның халықаралық аренада серіктестерімен тең дәрежеде өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететінін және елдің аймақтық деңгейдегі беделін арттыруға ықпал ететінін дәлелдейді. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері көпвекторлы саясаттың Қазақстанның аймақтық интеграциядағы көшбасшылық қабілетін нығайтуға мүмкіндік бергенін көрсетеді.

Нышанбаев Нұрболат Қайратұлының «Қазіргі заманғы халықаралық қатынастар жүйесіндегі мемлекет сыртқы саясатындағы көпвекторлы саясат принципі: Қазақстан Республикасы мысалында» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын барлық талаптарға толық сәйкес келеді және қорғауға ұсынылады.

Ғылыми кеңесші:

М.А. Ауған
Т.ғ.д., профессор,
аль-Фараби атындағы ҚазҰУ

Филиалындағы ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы

ЗАВЕРЯЮ

Начальник управления подготовки и аттестации научных кадров КазНУ им. аль-Фараби

«18» ақ 2021 ж.г.

